

Ақпарат

научно-
производственный
журнал

НАУКА

1 март
2016

<i>Нурсеитова А.А.</i> Көркем шығармалардағы мақал-мәтелдердің кейбір стилдік ерекшеліктері (Ш.Құдайбердиев, А.Байтұрсынов шығармалары бойынша).....	163
<i>Пепелина Н.И.</i> Проблемы формирования массового исторического сознания в переломные моменты жизни общества (СССР в 1920-е-1930-е годы).....	165
<i>Прилуцкий В.В., Скрипников А.В.</i> Критерии объективности в трудах отечественных историков по Великой Отечественной войне.....	168
<i>Тихомиров Н.В.</i> Синергетическая концепция обратных связей в оценке исторического процесса.....	172
<i>Тихомиров Н.В.</i> Тезисы к проблеме действия обратных связей в социальных системах разного порядка и связанных с ними ритмов.....	175
ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ НАУКИ И ПРОФЕССИОНАЛЬНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ	
<i>Абаева Г.И.</i> Проблемы формирования профессиональных компетенций выпускника.....	178
<i>Ақдаулетова Ж.А.</i> Үстеулердің шырай журнактары арқылы тұлғалық өзгеріске түсуі.....	181
<i>Алтыспаева З.Т.</i> К проблеме перевода метонимии в художественном тексте.....	183
<i>Алтыспаева А.Б.</i> Жоғары мектепте көркем мәтінді талдаудың әдістері мен ұстанымдары.....	185
<i>Ариққұлова К.А.</i> О региональной специфике в русской речи Казахстанцев. Казахизмы.....	187
<i>Асеева А.Ю., Кузьмина В.М.</i> Сотрудничеств ВУЗов России и Венесуэлы в области образования и науки в 2014-2015 гг. (на примере деятельности курского юго-западного государственного университета).....	189
<i>Ахметчина К.Е.</i> К вопросу о трехязычии поликультурного Казахстана. (психолингвистический аспект).....	191
<i>Бёбич Т.В., Войцеховская О.В., Водясов Е.В.</i> Вклад костанайского ВУЗа в развитие машиностроения в регионе.....	192
<i>Бекбосынова А.Ж.</i> Развитие и совершенствование профессионально направленной речи студентов национальных групп на занятиях по русскому языку.....	196
<i>Бектасова А.А.</i> Қазақ тілін кәсіби бағытта оқытудың тиімді жолдары.....	198
<i>Будкова О.А., Кузьмина В.М.</i> Социально-экономические санкции европейского союза в отношении России..	199
<i>Воронцова Ю.Ю.</i> Организация работы с молодыми специалистами.....	202
<i>Гришнюкова Е.А., Кузьмина В.М.</i> Сложности формирования кадрового Потенциала государственных служащих Курской области.....	204
<i>Гуденко Н.Д.</i> Новые подходы к реализации программ дополнительного профессионального образования.....	208
<i>Есеева Г.К., Мукашева Т.К.</i> Студенттерді ғылыми жұмысқа бағытталған СӨЖ мен ОСӨЖ ұйымдастыру арқылы баулу.....	210
<i>Жолдыбаева С.Б.</i> Дуальное обучение: истоки и современные тенденции.....	212
<i>Жуман Г.</i> Актуализация патриотических ценностей у студентов при изучении темы «Дискуссии по индустриализации в Казахстане (1920-1930 гг.)».....	214
<i>Ибатулин Д., Сегизбаева А.С.</i> Применение цветового решения для улучшения восприятия информации.....	217
<i>Илькенов М.С., Ғалымжан М.</i> «Мен көрген соғыс».....	220
<i>Искакова Д.Г.</i> Сөйлеу тілін деңгейлік тапсырмалар арқылы дамыту.....	221
<i>Карачевцева Е.Е., Кузьмина В.М.</i> Страны Латинской Америки во внешне-политическом курсе России.....	223
<i>Крацов Ф.Е.</i> Вопросы формирования педагогического профессионализма как целостного социального явления.....	225
<i>Кузнецов А.Н.</i> Применение метода проектов при обучении будущих инженеров-аграриев иностранным языкам.....	227
<i>Кукенова Б.К.</i> Формирование познавательных интересов на уроках экономики.....	229
<i>Кульбаева М.Б.</i> Современные педагогические технологии в дошкольном учреждении.....	230
<i>Мапасбаева Н.</i> Application of interactive whiteboard during English lessons.....	232
<i>Мендыкулова С.С.</i> Сущность и социальная значимость менеджмента в образовании.....	234
<i>Мкртчян Г.А., Кузьмина В.М.</i> Отношение к брикс как к основе мультиполярного мира.....	235
<i>Мукашева Т.К., Чернявская О.М.</i> Современные подходы к теории личностноориентированного образования	238
<i>Назарова Г.А.</i> Взаимодействие куратор – студент– родитель как условие достижения образовательных и воспитательных задач.....	239
<i>Омаров М.Б.</i> Современное учебное оборудование в обучении студентов железнодорожных дисциплин.....	241
<i>Оразғалиева А. М.</i> Патриотическое воспитание детей дошкольного возраста.....	242
<i>Паникар С.Н.</i> Патриотическое воспитание на уроках истории.....	244
<i>Сагитова Д.Б.</i> Using Internet resources in teaching English.....	246
<i>Сарманова Ф.Т.</i> Роль полиязычия в современном мире.....	247
<i>Саулембеков С.Е.</i> Эти познания необходимы.....	249
<i>Себряева Н.С.</i> Некоторые формы организации самостоятельной работы студентов.....	250
<i>Себряева Н.С.</i> Профессионально ориентированные задачи при изучении химии в сельскохозяйственном ВУЗе.....	252
<i>Тағтыбаева А.А.</i> Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелерінің коммуникативтік қызметі.....	255
<i>Тынымбаева Ж.С.</i> Lexical and syntactical stylistic devices in American and English songs.....	257
<i>Урунбасарова Э.А., Алькеева С.М.</i> Духовно-нравственное развитие личности обучающихся как важнейшая задача в области образования.....	258

Интеграция общеобразовательных и профессиональных дисциплин, являющихся основой в любой профессии, составляет единство достигаемой цели - получение специальности, способствует повышению качества образования, развитию конкурентоспособной личности обучающихся через формирование у них профессиональных компетенций.

Таким образом, профессиональные компетентности будущих выпускников Вуза – это интегративное качество личности, развитие которой является результатом целенаправленной профессиональной подготовки, включающей в себя совокупность специальных профессиональных знаний, умений, навыков, позволяющих эффективно овладеть специальностью.

Список литературы:

1. Аксёнова В.И. Свободное развитие личности. Практико-ориентированное пособие для образовательных учреждений. – / В.И. Аксёнова. - Ставрополь, 2007.
2. Гликмаз И.З. Основные парадигмы образования. // Педагогическое образование и наука: 2005, №6. – С.15.
3. Пирогова О.В. Моделирование в образовании. // Инновации в образовании: 2004, №5. – С. 26.

А 82 УДК 811.512.122.

ҮСТЕУЛЕРДІҢ ШЫРАЙ ЖҰРНАҚТАРЫ АРҚЫЛЫ ТҰЛҒАЛЫҚ ӨЗГЕРІСКЕ ТҮСУІ

Ақдаулетова Ж.А., А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті Тілдік даярлау орталығының аға оқытушысы, филология ғылымының магистрі

Бұл мақалада қазақ тіліндегі үстеулердің шырай жұрнақтары арқылы тұлғалық өзгеріске түсуі қарастырылады. В статье рассматриваются какие изменения происходят в суффиксах степени сравнения наречий казахского языка.

The article consider which changes is happened in suffixes comparison of adverb of the Kazakh language?

XX ғасырдың 30-40 жылдары жарық көрген оқулықтар мен грамматикалар үстеу сөзжасамының жекелеген түрлеріне ғана талдаулар жасап, біршама жаңа толықтырулар мен тың болжамдар қосты. Ғалымдардың арасында үстеулерге деген көзқарас біржақты болды, олардың көбі өзіне дейінгі зерттеушілердің пікірін қолдады. Ал профессор Н.К.Дмитриев болса өз зерттеулерінде жаңаша тың деректер келтірді. Н.К.Дмитриев үстеулердің толық дербес сөз табы ретінде жеке мағынасының әлі де болса қалыптаспағанын, тек синтаксистік қатынас барысында кез-келген сөз табымен байланысып, үстеулік мағына беретіндігін айтты. Бұл топтағы үстеулерді ғалым синтаксистік үстеулер немесе сын есімдік үстеулер деп қараған. Сонымен қатар, Н.К.Дмитриев үстеу сөзжасамының, олардың жасалуындағы морфологиялық, синтаксистік тәсілдерді жеке бөліп алып, әр тәсілдің арасындағы өзгешеліктер мен ортақтықтарды сипаттап, өзіндік ерекшеліктерін анықтады.

Түркі және қазақ тілдерінде үстеулердің зерттелуі негізінен оқулықтар мен кейбір жеке грамматикалық еңбектермен шектеліп отырды. Үстеулердің нақ үстеу болудағы жолын, өзге сөз табынан айырмашылығын, сонымен қатар, үстеу сөздердің сан ғасырлық қалыптасу, жасалу жолдарын жан-жақты талдап көрсете алмады.

Қазақ тіліндегі үстеулердің зерттелу тарихы XIX ғасырдың басынан басталады. Үстеулер туралы алғашқы пікірлер орыс ғалымдары М.Терентьев пен П.М.Мелиоранский және В.Катаринскийдің еңбектерінде ұшырасады. Бұл авторлар үстеулерді жеке сөз табы ретінде қарастырып, олардың семантикалық топтарын және өзіндік белгілерін ажыратуға тырысты. Алайда олар да басқа түрколог ғалымдар сияқты үстеулердің семантикалық топтарын ажыратуда біршама қателіктер жіберді. Нәтижесінде кейбір демеуліктер, септеуліктер, есімдіктер, одағайлар және модаль сөздер үстеулердің қатарында қарастырылды. Соған орай үстеулердің семантикалық топтарының саны көбейіп кетті. Ал үстеулердің грамматикалық табиғаты мен сөзжасамы және синтаксистік қызметтері мүлдем сөз болған жоқ. Осындай кемшіліктерге қарамастан аталмыш еңбектердің үстеу сөз табын танып-білуге негіз болғанын жоққа шығаруға болмайды.

Жалпы түркі тіл біліміндегі үстеулерге байланысты зерттеулердің барлығында олардың шырай формалары арқылы өзгертіні айтылған. Шырай формалары «Қазақ тілінің грамматикасы» [1, 84] және А.Ысқақовтың «Қазіргі қазақ тілі» [2, 31] оқулығында тұлғажасам қосымшаларының бірі ретінде қаралып жүр. Алайда шырай түрлері жайында бір ортақ пікір жоқ. Мәселен, «Қазақ тілінің грамматикасында» төрт түрі берілген: жай шырай, салыстырмалы шырай, күшейтпелі шырай, асырмалы шырай. Ф.Мұсабаев сын есімнің шырайларын мағынасы мен тұлғасына қарай бес түрге бөледі:

1. Салыстырмалы шырай. –рақ, -рек.
2. Бәсең шырай. –дау, -деу, -лау, -леу, -тау, -теу.
3. Шағын шырай. –шіл, -шыл, -ғыл, -ғылт, -гіш, -ілдір.

4. Күшейтпелі шырай. Күшейту буыны.

5. Үдетпелі шырай. Күшейткіш үстеулер арқылы жасалады [3, 34].

Қазақ тіліндегі соңғы зерттеулерде шырайдың екі-ақ түрі беріліп жүр: «шырайдың сапалық сын есімнің лексика-грамматикалық категориясы ретінде екі-ақ түрін көрсетуге болады: салыстырмалы шырай және күшейтпелі шырай» [4, 141].

С.Фузайловтың айтуынша, өзбек тіліндегі үстеулердің шырай формалары қимыл белгісін кішірейтіп немесе күшейтіп көрсетеді. Өзбек тілінде үстеудің үш шырай формасы бар: жай шырай - оз (мало), секин (тихо), салыстырмалы шырай – купрок (больше), тезрок (быстрее) және күшейтпелі шырай – баббаравар (совершенно одинаково), энг секин (очень медленно). Бірақ кейбір үстеулер негізгі түбір үстеу болсын, мейлі туынды түбір үстеу болсын шырай формаларын қабылдамайды. Мысалы: дарров, аранг, бирдан, бултур т.б. [5, 14].

Қарашай-балқар тілінің материалдары туралы С.А.Гочияева үстеулердің үш шырай формасында өзгеретінін айта отырып, толық ақпарат береді: «Наречия в карачаево-балкарском языке имеют две степени сравнения: положительную (или усилительную) и превосходную. В отличие от прилагательных, положительная (или усилительная) степень наречий означает не степень качества предмета, а указывает на усиление или ослабление абстрактного признака действия. Положительная степень наречий образуется с помощью тех же аффиксов, что служат для образования положительной степени прилагательных, т. е. аффиксов -ракъ , -рек , -и рек, -ыракъ , -уракъ , юрек : Например: алайыракъ „приблизительно, так “, былайыракъ „приблизительно, вот так“, акъыртыныракъ „потихе, помедленнее“. Превосходная степень указывает на превосходство качества признака одного действия над качеством признака другого: бек дженгил «быстренько, очень быстро», бек акъырти. «очень медленно» [6, 235].

Егер түркі тіл білімінде үстеулердің шырай формаларын біраз зерттеушілер танып, мойындаған болса, ал қазақ тілінде оны алғаш көрсеткен профессор А.Ысқақов болды: түбір үстеулер салыстырмалы шырай формаларын қабылдайды. Мысалы, бұрын-бұрынырақ, бұрындау. Ілгері – ілгерірек, ілгерілеу және т.б. Түбір үстеулер сондай-ақ күшейткіш шырай формаларын да қабылдайды» [7, 90-91].

Қазіргі қазақ тіліндегі үстеулер салыстырмалы шырай формасын да, күшейтпелі шырай формасын да қабылдайды. Бірақ бұл барлық үстеулерге тән құбылыс емес. «Ал шырай тұлғалары жалпы сын есімнің сөз табы ретіндегі түрлену тұлғасы емес, бір ғана мағыналық тобының семантикалық сипатын көрсететін лексика-грамматикалық тұлғалану көрсеткіші болып табылады» [4, 134]. Бұл тұжырым үстеулер табиғатына да дәл келеді. Шырай тұлғалары үстеулердің түрлену жүйесін көрсетпейді. Ол бар болғаны үстеудің кейбір мағыналық топтарын тұлғалық өзгеріске ұшыратып, сол арқылы семантикасына әсер етіп сөйлемде түрлі қызмет атқаруына ықпал жасайды. Енді үстеудің сол мағыналық топтары мен олардың грамматикалық қызметіне жеке-жеке тоқталып көрелік.

Қазақ тілінде шырай формаларын ең көп қабылдайтын мезгіл үстеулері. Және ертерек кездегі балалық шағының естегілері де бұрынғы ескі ұясы сияқты болған орынға ғартқан-ды (М.Әуезов). Мекен үстеулері: Тым жоғары шыға берме (Ана тілі). Берірек тұрған аз ғана ала-шұбар бұлттар кең жаһанның жүзіне перде болған жоқ (М.Әуезов). Қимыл-сын үстеулерінің шырай тұлғасында түрленуі сын есімдерге өте ұқсас. Мұның себебі, біріншіден, олардың грамматикалық қызметінің ұқсастығынан, мысалы, сын есім заттың белгісін, үстеу қимылдың белгісін білдіреді; екіншіден, кейбір үстеу қатарына өткен сын есімдердің өз бойында сындық қасиетін сақтап қалуынан деп білгеніміз жөн. Оның бәрінен де жылдамырақ жүргісі келді (Қазақ әдебиеті). Ол Абайдың күрсінудің өзгешелеу терең күйік бар екенін байқайды (М.Әуезов).

Предикативтік қатынаста келіп, баяндауыш қызметін де атқарады. Абай тіккізген үйлер қазір де бұл өлкедегі қонаққа арналған үйдің бәрінен оқшаулау (М.Әуезов). Қимыл-сын үстеулері күшейтпелі шырай формасын да қабылдайды. Мысалы: Шын иесін таппаған ондай әннің ғұмыры ұзамай естен шығып қалуы леп-лезде (Егемен Қазақстан).

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Қазақ тілінің грамматикасы. Морфология. – Алматы, 1967. – 365 б
- 2 Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1991. – 384 б.
- 3 Мусаев К.М. Грамматика караймского языка. – Москва: «Наука», 1964, – 344 с.
- 4 Исаев С.М. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы: «Атамұра» 1998, – 304 б.
- 5 Фузайлов С.О. Наречие в современном узбекском языке. – Ташкент «Яуза», – 1952. – 215 с.
- 6 Гочияева С.А. Особенности наречий в карачаево балкарском языке. – Черкеск: «Карачаево-черкесское отделение ставропольского книжного издательства», 1968. – 247 с.
- 7 Исакаев А. Наречие в современном казахском языке. – Алматы: «Мектеп», 1950. – 142 с